

Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений по Заявлению о намечаемой деятельности по объекту «Строительство скотомогильника Железново района Байтерек, ЗКО» от 17 января 2022 года №KZ03RYS00203726

Дата составления сводной таблицы: 16.02.2022 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭГПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭГПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 18.01.2022 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 18.01- 16.02.2022 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ЗКО	Не представлено.
2	Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан «Запказнедра»	Не представлено.
3	Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию использования и охраны водных ресурсов Комитета по водным ресурсам Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 08.02.2022г. №18-13-01-03/223) 1. В соответствии с требованиями статей 125 и 126 Водного кодекса Республики Казахстан в случае размещения предприятий и других сооружений, установленных акиматами соответствующих областей, проведения строительных и других работ на водных объектах, водоохранных зонах и полосах, инициатор намечаемой деятельности должен реализовать их при наличии соответствующих согласований, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, в том числе согласования с бассейновой инспекцией; 2. В случае отсутствия водоохранных зон и полос, установленных на водных объектах, принять соответствующее решение о реализации намечаемой деятельности после установления водоохранных зон и полос и с учетом требований, изложенных в пункте 1; 3. Инициатору пользование поверхностными и подземными водными ресурсами непосредственно из

		водного объекта с изъятием или без изъятия для удовлетворения намечаемой деятельности в воде осуществлять при наличии разрешения на специальное водопользование в соответствии с требованиями статьи 66 Водного кодекса Республики Казахстан.
4	Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письма от 20.01.2022г. №2-10/73).
5	Департамент Комитета промышленной безопасности Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письма от 24.01.2022г. №22-15-4-18/77).
6	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 20.01.2022г. №24-30-7-10/195-И): В соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 19 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» (далее - Кодекс) разрешительным документом в области здравоохранения, возможным для осуществления установленной деятельности, является санитарно-эпидемиологическое заключение о соответствии объекта высокой эпидемической значимости нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения. Объекты высокой эпидемической значимости определены приказом министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 ноября 2020 года № МЗ РК-220/2020 (далее - перечень). В связи с этим в заявлениях о установленной деятельности необходимо указать необходимость разрешительного документа на объекты высокой эпидемической значимости в перечне. Также в соответствии с подпунктом 2) пункта 4 статьи 46 Кодекса государственными органами в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения проводится санитарно-эпидемиологическая экспертиза проектов нормативной документации по предельно допустимым выбросам и предельно допустимым сбросам вредных веществ и физических факторов в окружающую среду, зонам санитарной охраны и санитарно – защитным зонам (далее-проекты нормативной документации). В свою очередь, экспертиза проектов нормативной документации проводится в рамках государственных услуг, предоставляемых в порядке, определенном приказом министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 декабря 2020 года № МЗ РК-336/2020 «о некоторых вопросах оказания государственных услуг в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения».

		Вместе с тем, заявления о предполагаемой деятельности не относятся к вышеуказанным проектам нормативной документации. Таким образом, компетенция комитета и его территориальных подразделений по согласованию заявлений о деятельности, предусмотренных законодательством, не предусмотрена.
7	Западно–Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии геологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 24.01.2022г. №2-16/31): Согласно описанию места расположения установки для уничтожения трупов животных, скотомогильника для захоронения в ямах и кадастровому номеру, планируемая деятельность будет проводиться в ЗКО, С. Железново района Байтерек. В связи с этим Инспекция сообщает, что данная территория не относится к особо охраняемым природным территориям, однако информацию о наличии или отсутствии земель государственного лесного фонда необходимо получить в Уральском Коммунальном государственном учреждении по охране лесов и животного мира, являющемся государственным лесовладельцем. Вместе с тем, при наличии на земельном участке, указанном в заявлении, произрастающих деревьев, в соответствии с пунктами 10 и 11 «Правил содержания и защиты зеленых насаждений Западно-Казахстанской области», утвержденных решением Западно – Казахстанского областного маслихата от 1 сентября 2020 года № 37-2, при проведении строительно-монтажных работ вне территории государственного лесного фонда все насаждения, подлежащие сохранению на данном участке, защищаются от механических и иных повреждений специальными защитными ограждениями, обеспечивающими их эффективную защиту. В случае невозможности сохранения зеленых насаждений на участках, отводимых под застройку или производство других работ, вырубка деревьев производится по согласованию с уполномоченным органом в соответствии с законом О разрешениях. По животному миру: на территории установленной службы расположено охотничье хозяйство "Зеленовский участок №1". На испрашиваемой территории нет редких и находящихся под угрозой исчезновения видов животных, занесенных в Красную книгу. Для минимизации воздействия на животный мир при проведении запланированных работ в соответствии с пунктом 1 статьи 12 Закона Республики Казахстан от 9 июля 2004 года № 593 «об охране, воспроизводстве и использовании животного мира» устанавливаются требования к обеспечению сохранности и воспроизводства животного мира, среды их обитания и возмещения причиненного, в том числе неизбежного вреда, деятельности, оказывающей или могущей повлиять на состояние животного мира, среду

		обитания, условия размножения и пути миграции животных, в том числе с соблюдением экологических требований». Считаем, что установленная деятельность не приведет к изменению численности и видового состава животных в районе ее проведения. Уровень влияния запланированной деятельности, флоры и фауны отсутствует.
8	Управление ветеринарии Западно-Казахстанской области	Замечания и предложения (письмо от 31.01.2022г. №2-12/97): Скотомогильники, строящиеся в селах Дарьян и Железновка района Байтерек, должны соответствовать требованиям параграфа 11 Приказа Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 29 июня 2015 года №7-1/587 «Об утверждении ветеринарных (ветеринарно-санитарных) правил».
9	Управление строительства Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письма от 28.01.2022г. №06-2/143).
10	Акимат Западно-Казахстанской области	Не представлено
11	Акимат района Бәйтерек	Не представлено

«БҚО, Бәйтерек ауданы Железнов мал қорымының құрылысы» 2022 жылғы 17
қаңтардағы №KZ03RYS00203726 өтініші бойынша ұсыныстар мен
ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 16.02.2022 г.

Жиынтық кесте жасалған орын: ҚР ЭГТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан
облысы бойынша экология департаменті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР
ЭГТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау
туралы хабарланған күн: 18.01.2022 г.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру
мерзімі: 18.01-16.02.2022 г.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын
жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Ұсынылған жоқ
2	Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті	Ұсынылған жоқ
3	Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық- Каспий бассейндік инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (08.02.2022ж. №18-13-01- 03/223хаты): 1. Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125 және 126-баптарының талаптарына сәйкес тиісті облыстардың әкімдіктері белгілеген кәсіпорындар мен басқа да құрылыстар орналастырылған, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізілген жағдайда, белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті келісімдер, оның ішінде бассейндік инспекциямен келісу болған кезде іске асырылуға тиіс; 2. Су объектілерінде орнатылған су қорғау аймақтары мен белдеулері болмаған жағдайда, су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағында баяндалғанды ескере отырып, көзделіп отырған қызметті іске асыру

		туралы тиісті шешім қабылдау; 3. Қазақстан Республикасы Су кодексінің 66-бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалануға рұқсаты болған кезде судағы көзделіп отырған қызметті қанағаттандыру үшін тікелей су объектісінен алып қойыла отырып немесе алып қоймай, жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануды бастамашы жүзеге асырсын.
4	Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (20.01.2022ж. №2-10/73хаты)
5	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (22.10.2021ж. №22-15-2-13/1084хаты) Жануарлардың мәйіттерін шұңқырларға жерлеуге арналған мал моласында дәнекерлеу жұмыстарын жүргізген кезде Сізге өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік-құқықтық актілер мен талаптарды сақтау қажет, себебі дәнекерлеу жұмыстары газ қауіпті жұмыстарға жатады.
6	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (20.01.2022ж. №24-30-7-10/195-И хаты): «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 19-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, белгіленген қызметті жүзеге асыру үшін болуы мүмкін Денсаулық сақтау саласындағы рұқсат беру құжаты эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болып табылады. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығымен (бұдан әрі - тізбе) айқындалған. Осыған байланысты, белгіленген қызмет туралы өтініштерде тізбедегі эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге рұқсат беру құжатының қажеттілігін көрсету қажет. Сондай-ақ, Кодекстің 46-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес халықтың санитариялық – эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдар қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғау аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық

		сараптама (бұдан әрі-нормативтік құжаттама жобалары) жүргізеді. Өз кезегінде, нормативтік құжаттама жобаларының сараптамасы «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен айқындалған тәртіппен ұсынылатын мемлекеттік қызметтер шеңберінде жүргізіледі. Сонымен бірге, көзделіп отырған қызмет туралы өтініштер жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттама жобаларына жатпайды. Осылайша, заңнамада көзделген қызмет туралы өтініштерді келісу бойынша Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті көзделмеген.
7	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (24.01.2022ж. №2-16-/31 хаты): Жануарлардың өлекселерін жоюға арналған қондырғысының, шұңқырларға көметін мал қорымдығының орналасқан жерінің сипаттамасына және кадастрлық нөмірге сәйкес, жоспарланған қызмет БҚО, Бәйтерек ауданы, Железново ауылында жүргізілетін болады. Соған орай, Инспекция бұл аумақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатпайтынын хабарлайды, алайда мемлекеттік орман қоры жерінің бар немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты Мемлекеттік орман иеленуші болып табылатын Орал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алу қажет екенін қаперіңізге саламыз. Сонымен қатар, өтінішінде көрсетілген жер учаскесінде өсіп тұрған ағаштар болған жағдайда, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 37-2 шешімімен бекітілген, «Батыс Қазақстан облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларының» 10 және 11 – тармақтарына сәйкес, мемлекеттік орман қоры аумағынан тыс құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде осы учаскеде сақтауға жататын барлық екпелер олардың тиімді қорғалуын қамтамасыз ететін арнайы қорғаныш қоршауларымен механикалық және өзге де зақымданулардан қорғалады. Құрылыс салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінетін учаскелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы Заңға сәйкес уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі. <i>Жануарлар дүниесі бойынша:</i> Белгіленген қызмет аумағында "Зеленовский участок №1" аңшылық

		шаруашылығы орналасқан. Сұратылған аумақта сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төніп тұрған, Қызыл кітапқа енгізілген жануарлардың түрлері жоқ. Жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде жануарлар дүниесіне әсерді азайту үшін Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» № 593 Заңының 12-бабы 1-тармағына сай «Жануарлар дүниесінің жай-күйіне, мекендейтін ортасына, көбею жағдайларына және жануарлардың өріс аудару жолдарына әсер ететін, немесе әсер етуі мүмкін болатын қызмет жануарлар дүниесінің, олар мекендейтін ортаның сақталуы мен өсімін молайтуды келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеуді қамтамасыз етудің талаптары, оның ішінде экологиялық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс» екенін ескертеміз. Белгіленген қызмет, жүргізілетін аудандағы жануарлардың саны мен түрлік құрамының өзгеруіне әкелмейді деп есептейміз. Жоспарланған іс-әрекеттің, флора мен фаунаға әсер ету деңгейі жоқ.
8	Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер 31.01.2022ж. №3-12-/97 хаты): Бәйтерек ауданының Дариян және Железнов ауылдарында салынатын мал қорымдары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №7-1/587 «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы» бұйрығының 11 параграфының талаптарына сәйкес болу қажет.
9	Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (28.01.2022ж. №06-2/143хаты)
10	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі	Ұсынылған жоқ
11	Бәйтерек ауданының әкімдігі	Ұсынылған жоқ